

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

201 4 ж 05 ор жүргілді
БСН 990840000825
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 1999 жыл 24.08
куәлік № 1380-1901-02-Анк

«Кедентранссервис» Акционерлік
қоғамының
Жалғыз акционерінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
2016 жылғы 29 желтоқсанда

«Кедентранссервис»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы
Астана қ.

**1 бап.
Заңды мәртебесі**

1. Бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «Кедентранссервис» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 желтоқсандағы № 1750 «Кедентасымалқызметі» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы» қаулысына сәйкес құрылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 маусымдағы № 864 «Кедентасымалқызметі» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта құрылуы туралы» қаулысына сәйкес «Кедентасымалқызметі» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Кедентасымалқызметі» Жабық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес Қоғамның атауы «Кедентасымалқызметі» Жабық акционерлік қоғамынан «Кедентранссервис» Акционерлік қоғамына өзгерді.

2. Қоғам «Кедентасымалқызметі» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының барлық құқықтары мен міндеттерінің мұрагері болып табылады.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының заңнамасы), осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы), Қоғамның корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық қызмет негізінде жүзеге асырылады.

5. Қоғамның дербес балансы, банктік, оның ішінде валюталық шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі бар, тауар белгісі, және үлгілері белгіленген тәртіpte бекітілетін өзге де рәміздері, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәртабандары, фирмалық бланкілері және өзге де деректемелері болуы мүмкін.

**2 бап.
Қоғамның атауы, орналасқан жері және қызмет мерзімі**

1. Қоғамның атауы:

1) мемлекеттік тілде:

толық атауы

қысқаша атауы

2) орыс тілінде:

толық атауы

қысқаша атауы

3) ағылшын тілінде:

толық атауы

қысқаша атауы

- «Кедентранссервис» Акционерлік қоғамы

- «Кедентранссервис» АҚ;

- Акционерное общество «Кедентранссервис»

- АО «Кедентранссервис»;

- Joint stock company «Kedentransservice»

- JSC «Kedentransservice» №

2. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ. Есіл ауданы, Достық к., 18.

3. Қоғам қызметінің мерзімі – шектеусіз.

3 бап.
Қоғамның құрылтайшылық құжаттары

1. Жарғы Қоғамның құрылтайшылық құжаты болып табылады.
2. Барлық мұдделі тұлғалар Қоғамның Жарғысымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте танысуға құқылы.

4 бап.
Қоғамның мақсаты және қызмет түрлері

1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты табыс табу.
2. Қоғам алдына қойған мақсатын іске асыру үшін келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:
 - 1) жолаушыларды, жүктөрді, қауіпті жүктөрді тасымалдау;
 - 2) локомотив тартымы бойынша қызмет көрсету;
 - 3) вагондар (контейнерлер) операторы ретінде қызмет көрсету;
 - 4) жүк терминалдарын (тиелім орындарын), теміржол жылжымалы құрамын жөндеу және пайдалану;
 - 5) терминалдардың техника-экономикалық күтімі және қызмет көрсетуі;
 - 6) жүк тиесінде жұмыстары;
 - 7) кеден өкілі ретінде қызмет көрсету және жүктөрді кедендік рәсімдеу;
 - 8) тәркіленген мүлікті кеден тәртібінде тауардан бас тартылып мемлекет пайдасына рәсімделген және иесіз қалған мүлікті, қараусыз мүлік пен мемлекетке құқықтық мұрагерлік бойынша өтетін мүлікті есепке алу, қабылдау, сақтау, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіпте жою;
 - 9) маркетингілік, консалтингілік, делдалдық қызмет;
 - 10) ақпараттық және инжинириングілік қызметтер;
 - 11) тауар-материалдық құндылықтарды сатып алу және сату;
 - 12) сыртқы экономикалық қызмет және шетел үйімдарымен экономикалық ынтымақтастықты дамыту;
 - 13) жарнамалық-баспа қызметі;
 - 14) көтерме және бөлшек сауда, оның ішінде сауда қорлары, дүкендер, коммерциялық орталықтар жүйесін құру арқылы;
 - 15) өндірістік, коммерциялық, ғылыми-техникалық және қызметтің басқа да түрлерін инвестиациялау;
 - 16) мейманхана, мотельдер ашу, демалыс және емдеу жұмыстарын үйімдастыру;
 - 17) көтергіш құралдарды жобалау, құру және пайдалану;
 - 18) дезинфекция, дезинсекция, дератация құралдары мен өнімдерін әзірлеу, өндіру, қайта өндеу және олардың көтерме саудасы, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызметтер;
 - 19) жобалау-іздестіру, сараптама, құрылыш-монтаж жұмыстары, құрылыш материалдарының, бүйімдар мен құрылыштар өндірісі бойынша жұмыстар;
 - 20) Қазақстан Республикасының кеден заңына сәйкес жекелеген кеден тәртіптері шенберінде жүзеге асырылатын қызмет, сондай-ақ кедендік қызмет көрсету;
 - 21) түсті және қара темір сынықтарын және қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өндеу және сату;
 - 22) қауіпті жүктөрді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді шыгару;

23) негізгі құралдарды, оның ішінде локомотивтерді иелену және мұліктік жалға (жалгерлікке) беру;

24) көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету, логистикалық қызметтер және оларға байланысты қызмет көрсету;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте лицензиялары немесе рұқсаттың өзге түрлері, біліктілік аттестаты (куәлігі) болуын талап ететін қызмет түрлері сәйкесті лицензияны немесе рұқсаттың өзге түрін, біліктілік аттестатын (куәлігін) алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

5 бап.

Қоғамның құқықтары мен міндеттері

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған барлық құқықтар мен міндеттемелерге ие.

2. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің мүлкінен дарапанған мүлікке ие болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шеңберінде жауап береді.

3. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сондай-ақ мемлекет те Қоғамның міндеттемелері бойынша жауапты емес.

4. Қоғам өз атынан мәміле жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алуға, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттер жасай алады.

5. Қоғам күзет құжаттарын, технологияларды, «ноу-хау» және басқа да ақпараттарды иелену және пайдалану құқығын алуы және беруі мүмкін.

6. Қоғам құнды қағаздар шығара алады және оларды таратса алады, мемлекеттік және корпоративтік құнды қағаздарды сатып ала алادы, сондай-ақ өзінің қаржылық тәуекелдерін туынды қаржылық құралдар арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте сақтандыра алады.

7. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларды мүлікпен қамтамасыз ете алады және олардың қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілей алады. Филиалдары мен өкілдіктерінің мүліктері Қоғамның балансында есептеледі.

8. Қоғам өзінің филиалдары мен өкілдігіне Қоғам тағайындастын қызметкерлер лауазымдарының номенклатурасын, сондай-ақ енбекақы төлеу бойынша жылдық қор мөлшерін бекітеді. Филиал басшысы мен өкілдіктің басшысы Қоғам берген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.

9. Қоғам өндірістік қызметін жоспарлауға, қызметкерлерге енбекақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, Қоғамның әлеуметтік дамуына, кадрларды іріктеуді, орналастыруды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін көтеруді үйимдастыруға байланысты барлық мәселелерді дербес түрде шешеді.

10. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде орналасқан банктер мен басқа да қаржы үйимдарында белгіленген тәртіпте ұлттық, сондай-ақ шетел валютасында шот ашады.

11. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілгер болуға, қазақстандық, сондай-ақ шетелдік те заңды және жеке тұлғалардан тәңгемен және шетелдік валютада қарыз алып, несиені пайдалануға құқылы.

12. Қоғам оның барлық бөлімшелері орындауға міндettі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген стандарттарға сәйкес нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

13. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпараттан хабардар қызметкерлердің тізімін міндettі түрде жүргізуі қамтамасыз етеді.

14. Қоғам өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалар мен тарифтерді белгілейтін мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етеді.

15. Қоғам уәкілетті мемлекеттік органдарға белгіленген тәртіpte қаржылық, салықтық және статистикалық есеп береді.

16. Қоғам өз қызметінің нәтижесінде пайда болатын айналадағы органды ластанудан және басқа да зиянды әсерлерден қорғау үшін жауапты.

17. Қоғам еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді.

18. Қоғам, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыда қарастырлған басқа да құқықтарды жүзеге асырады.

6 бап.

Акционердің құқықтары мен міндettемелері

1. Акционер Қоғам міндettемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа жағдайларды есептемегендеге, өзіне тиесілі акциялар құны шеңберінде Қоғамның қызметіне қатысты шығын тәуекелдігін көтереді.

2. Қоғам акционерінің келесі құқықтары бар:

1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына және осы Жарғыда қарастырылған тәртіpte Қоғамды басқаруға қатысу;

2) дивидендер алу;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жарғымен белгіленген тәртіpte Қоғамның қаржылық есебімен танысу;

4) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау;

5) Қоғам тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан олардың Қоғамның құнды қағаздарына меншік құқығын растайтын көшірмені алу;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерін сот тәртібінде даулау;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу түсінен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауап алу;

8) Қоғам тараған жағдайда, оның мүлкінің бөлігін иелену;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte, Қоғамның акцияларына айырбасталатын оның акцияларын немесе басқа құнды қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

10) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан жоғары пайызын дербес түрде немесе басқа акционерлермен бірігіп иеленгенде, Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған жағдайларда, Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға шығындарын өтеуін, және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен (немесе) оның үлестес тұлғалары ірі мәмілелерді және (немесе) оларды жасасуға мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдауының нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруын талап етіп, өз атынан сот органдарына шағымдану;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіpte Қоғамның акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау.

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәселелерді жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесіне қосымша қосу ұсыну;

13) Директорлар кеңесін шақыруды талап ету;

- 14) Қоғам аудитін жүргізуін Қоғамның өз есебінен талап ету;
3. Қоғам акционері міндетті:
- 1) акциялардың ақысын төлеуге;
 - 2) 10 (он) күн аралығында Қоғамның тіркеушісін және Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысын Қоғамның акцияларын ұсташа тізбесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі жөнінде мәлімдеуге;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жаймауга;
 - 4) Қоғамға үлестес тұлғалары туралы жазбаша ақпаратты ұсынуға;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді орындауға.
4. Акционер Жарғының осы бабы 3 тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамауының нәтижесіне болған салдары үшін Қоғам мен оның тіркеушісі жауап бермейді.

7 бап.

Қоғамның акциялары және өзге де құнды қағаздары

1. Қоғам жай акцияларды құжатсыз түрде шығарады.
2. Қоғам басқа да құнды қағаздарды шығаруға құқылы, оларды шығару тәртібі мен жағдайлары, орналастырылуы, айналымы мен өтелуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
3. Жай акция Жалғыз акционердің қарауына шығарылған мәселені, Жалғыз акционерге шешім қабылдауға құқықыбын береді, Қоғамда таза табыс болған жағдайда, дивидендтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte ол тараған жағдайда, Қоғам мүлкінің бөлігін алу құқыбын береді.
4. Қоғам жарияланған акцияларын орналастыру немесе бұрын сатып алған аталған құнды қағаздарын сатуға ниет білдіргенде, Жалғыз акционерге бұл шешімді қабылдаған күннен бастап 10 (он) күн аралығында жазбаша мәлімдеу немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы құнды қағаздарды орналастыруға (сатуға) шешім қабылдаған Қоғамның органы бекіткен орналастыру (сату) бағасы бойынша олардағы акциялардың санына пропорционалды тең жағдайда оларды сатып алушы ұсынуы тиіс.
5. Акционердің Қоғамның құнды қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқыбын жүзеге асыру тәртібін өкілетті орган белгілейді.
6. Қоғамның жариялаған акциялары санының ұлғаюы немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялары түрінің өзгеруі Жалғыз акционердің шешімі бойынша жүзеге асырылады. Қоғам акцияларын оның жарияланған акцияларының саны аясында орналастыру туралы шешім Жалғыз акционермен қабылданады.
7. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы акциялардың жарияланған көлемі шеңберіндегі бір немесе бірнеше орналастыру арқылы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастыруға құқылы.
8. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қоғамның орналастыратын акцияларының төлеміне ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтар) және басқа да мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа мүлікпен төлем жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамның орналастыратын акцияларының ақысына мүлікті пайдалану құқығы енетін болса, мұндай құқықты бағалау бұл мүлікті пайдалану төлемінің оны Қоғамның бүкіл пайдалану кезеңіне шаққандағы мөлшерінен шығарылады. Белгіленген мерзім өткенге дейін ондай мүлікті Жалғыз акционердің келісіміз алуга тыйым салынады.

9. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізімі жүйесін Қоғамның тіркеушісі жүргізеді.

10. Орналастырылған акцияның ақысын толығымен төлегенге дейін Қоғам аталған акцияны оның иегерінің дербес шотына аударылуы туралы Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізімі жүйесінде (номиналдық ұстаушының есебі жүйесінде) бұйрық шығаруға құқығы жоқ.

11. Қоғам Жалғыз акционердің келісімімен, Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу, оның құнын анықтау методикасына сәйкес, Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіpte, Қазақстан Республикасының заңына және Жарғығы қайшы келмейтін мақсаттарында оларды қайта сату және өзге де жағдайларда жүргізуі мүмкін

Қоғамның орналастырылған акцияларын Қоғамның бастамасы бойынша сатып алыу Қазақстан Республикасының заңымен өзгеше белгіленбекен болса Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асады.

12. Қоғам өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуга құқы жоқ:

1) акциялардың орналастырылу қорытындысы бойынша алғашқы есепті бекіткенге дейін;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен бекітілген тәртіpte, егер Қоғамның меншікті капиталы жарғылық капиталдың минималды көлемінен аз болған жағдайда;

3) акцияларды сатып алу мезетінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздігі белгілеріне жауап берсе немесе аталған нышандар онда барлық қажетті акцияларды сатып алу немесе сатып алу әрекеті нәтижесінде пайда болса;

4) сот немесе Жалғыз акционермен Қоғамның таратылуы туралы шешім қабылдаса.

13. Қоғамның жарияланған акцияларының саны олардың жалпы санының 1 (бір) пайызынан асып кеткен жағдайда, Қоғам акцияны сатып алу-сату мәмілесін жасауға дейін мұндай сатып алу туралы Жалғыз акционерге хабарлауға тиіс.

Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алыту туралы хабарламасында Қоғам сатып алатын акциялардың саны, бағасы, оларды сатып алу мерзімі мен жағдайлары туралы мәліметтер болуы тиіс және олар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

14. Орналастырылған акцияларды Жалғыз акционердің талабы бойынша сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда жүргізіледі.

15. Қоғамның құнды қағаздарын Қоғам кепілге беруге құқылы. Акционер, егер кепіл шарттарымен өзгедей көзделмесе, дауыс беруге және кепілге салынған акциялар бойынша дивидендтер алуга құқылы.

16. Қоғам өзі орналастырған құнды қағаздарды төмендегі жағдайларда кепілге қабылдай алады:

1) кепілге берілетін құнды қағаздардың ақысы толығымен төленгенде;

2) Қоғамға кепілге берілетін және оларда кепілде болатын акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды есептемегендеге Қоғам орналастырған акцияларының 25 (жиырма бес) артық емес пайызды құраса;

3) Директорлар кеңесі кепіл шартын мақұлдаса.

17. Қоғам орналастырған және өзінде кепілде тұрған акциялар бойынша дауыс беру құқығы кепіл шарттарымен басқалай бекітілмесе, Жалғыз акционерге тиесілі болады. Қоғам өзінде кепілде тұрған акциялар бойынша дауыс беруге құқығы жоқ.

18. Қоғамның құнды қағаздарын кепілге алууды тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

19. Акционердің өзіне тиесілі акциялары бойынша Қоғам төлейтін табысы дивиденд болып табылады.

20. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер оларды төлеу туралы шешім Жалғыз акционермен шешілген жағдайда, ақшамен немесе құнды қағазben төленеді.

21. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлем Жалғыз акционермен шешімімен жылдық, тоқсандық немесе жарты жылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі.

22. Жалғыз акционермен шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні аралығында бұқаралық ақпарат құралдарына міндетті жариялаумен Қоғамның жай акциялары бойынша белгілі бір кезең бойынша дивиденд төлемейтіні туралы шешім қабылдауга құқылы.

23. Дивидендтер төлеу туралы шешімде келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төленуінің басталу күні;
- 5) дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны.

24. Дивидендтер Қоғамның орналастырылмаған немесе өзі сатып алған акциялары бойынша, сондай-ақ егер сотпен немесе Қоғам Жалғыз акционермен оны тарату туралы шешім қабылданса, есептелмейді және төленбейді.

25. Келесі жағдайларда Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге болмайды:

- 1) меншік капиталының көлемі теріс немесе егер Қоғамның меншік капиталының көлемі оның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілері пайда болса.

26. Акционер Қоғамның берешек пайда болған мерзіміне қарамастан алмаған дивидендтеріне төлем талап етуге құқылы.

Дивидендтерді белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін орындау күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сәйкес өсімпұл төленеді.

8 бап. Қоғамның органдары

1. Қоғамның органдары болып табылады:

- 1) Жоғарғы органы – Жалғыз акционер;
- 2) Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы орган – Басқарма.

2. Басқарма Басшылығын Басқарма Төрағасы болып табылатын жүзеге асырады (әрі қарай - Қоғам Президенті).

Қоғамда Қазақстан Республикасының заңына және (немесе) Қоғам Жарғысына сәйкес басқа органдар құрылуы мүмкін.

**9 бап.
Жалғыз Акционер**

Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешім Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

**10 бап.
Жалғыз акционердің ерекше құзіреті**

1. Жалғыз акционердің ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа мазмұнда бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта үйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның құнды қағаздарын, сондай-ақ олардың өзгертулерін конверсиялау жағдайлары мен тәртібін анықтау;
 - 6) Қоғамның құнды қағаздарын, жай акцияларға конверсиялау туралы шешім қабылдау;
 - 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 8) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 9) Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғандары үшін сыйақы мен өтемақы шығындарын төлеу шарттарымен көлемін анықтау, сонымен қатар директорлар Кеңесінің өкілет мерзімі сандық құрамын анықтау мен оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын қысқарту;
 - 10) Директорлар кеңесі туралы Ереже бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 11) Қоғамның қызметін реттейтін ішкі құжаттарын бекіту;
 - 12) Қоғам Жалғыз акционерге оның (немесе оның өкілдерінің) жиналыс өтетін жерге жету шығындарын өтеу ережелерін, Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесі өтетін жерге жету шығындарын өтеу Ережелерін бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 13) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйымды белгілеу;
 - 14) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 15) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту,
 - 16) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 17) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 18) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау; жылдық қаржы есебін бекіту;
 - 19) сомасында Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да артық пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құру және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

20) Қазақстан Республикасы заңына сәйкес, ұйымдастырылмаған нарықта, Қоғамның акцияларды сатып алу, олардың құнын анықтау методикасына өзгертулерді бекіту;

21) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

22) белгіленген тәртіппе 5 (бес) жылға арналған Қоғам дамуының стратегиялық бағыттарын бекіту;

23) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

24) шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің ерекше құзіретіне жатқызылған өзге де шешімдер.

2. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11 бап. Директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының Заңына жатқызылған Жалғыз акционердің құзыретіне қарасты деп көрсетілген мәселелерден басқа Қоғам қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.

2. Егер Қазақстан Республикасының Заңмен басқалай көзделмесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу, сондай-ақ алдағы уақытта 5 (бес) жылға арналған стратегиялық даму бағыттарына келісім беру және Жалғыз акционердің қарауына ұсыну;

2) Қоғам дамуының (орташа шұғыл бизнес-жоспарларын), Қоғам бюджетінің жоспарларын бекіту;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе өзге құнды қағаздарды сатып алу және сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның құнды қағаздарына жазылу және аукцион жүргізуі ережесі мен тәртібін орналастыратын Қоғамның ішкі құжаттарды бекіту;

5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;

6) аяқталған қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы Жалғыз акционерге ұсыныс беру;

7) облигацияларды және Қоғамның туынды құнды қағаздарын шығару шарттын анықтау;

8) Қоғамның несие алу және беру, кепілдік пен кепілшіліктер беру, лизинг шарттын жасау, несие шарттын және кепілшілік, амманаттық, шарттарын жасау, Қоғамның вексельдер бойынша (қарапайым және аудармалы вексель) егер Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен бекітілмеген болса, облигацияларды Қоғамның орнатылуын бір бөлігінде шешім қабылдауы;

9) Қоғам Президентін сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, Қоғам Президентінің лауазымдық еңбекақысының көлемін, еңбек ақы және сыйақы төлеу ережелері анықтау;

10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акциясы төлеміне берілген немесе ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметі төлемінің көлемін анықтау;

11) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін тағайындау, оның басшысын тағайындау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит

қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы және сыйақы төлеу көлемі мен төлеу ережелерін анықтау.

12) Директорлар кеңесі комитеттерін құру туралы шешім қабылдау, Директорлар кеңесі комитеттері туралы ережелерді бекіту;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттігінің мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық еңбекақысының көлемін анықтау, корпоративтік хатшыны марапаттау және оған тәртіпке шақыру шараларын қолдану;

14) Қоғам Президенті және/немесе Қоғам Басқармасы, Жалғыз акционер құзіретіне жататын Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

15) Қоғамның өзге заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу бөлігі) он және одан да артық пайызын сатып алу туралы шешім қабылдау;

16) Жалғыз акционердің құзіретіне жататын акцияларының (жарғылық капиталға қатысу бөлігі) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау;

17) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және филиал мен өкілдік туралы үлгілік ережелерді бекіту;

18) Вице-президенттер, Бас инженері, Бас бухгалтері қызметіне кандидатураларды келісу;

19) өз капиталының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын көлемге Қоғамның міндеттемелерін арттыру;

20) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

21) ірі мәмілелер және Қоғамның мұдделі мәмілелерін жасасу туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның есептік саясатын бекіту;

23) Қоғамның, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалау жүйесін бекіту;

24) Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне қарасты мәселелерді алдын ала қарастыру;

25) корпоративтік басқару кодексін алдын ала қарастыру және оны Жалғыз акционердің қарауына ұсыну;

26) Қоғам Президентінің Қоғам қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты ұсыну мерзімі мен тәртібін тағайындау;

27) Қоғам басшылығына сыйақы төлеу туралы Ережелерін бекіту;

28) Тәуекелдіктерді басқару саясатын бекіту;

29) еншілес (тәуелді) қоғамдармен өзара әрекеттесудің негізгі тұжылымдарын бекіту;

30) Қоғамның демеуші және қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі бағыттарының ережесі мен тәртіп ұйғарымын анықтау;

31) Қоғамның демеуші және қайырымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылдау, осы Жарғымен апарылған адрестік қайырымдылық көмек көрсету Қоғам Басқармасының құзырымен басқа шешім қабылданса;

32) филиалдар мен өкілдіктерді қоспағанда, Қоғамның еңбекақы төлеу қорын, штат кестесін, құрылымын бекіту;

33) Қазақстан Республикасының Заңымен және Жарғымен қарастырылған басқа мәселелер Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатпайтын өзге мәселелер;

3. Жарғының осы бабының 2 тармағында тағайындалған мәселелер тізбесі Қоғам Басқармасының шешуіне табысталмайды.

4. Директорлар кеңесінің Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне қарасты мәселелер бойынша, сондай-ақ Жалғыз акционерлердің шешіміне қары келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

5. Аса маңызды мәселерді қарастыру және Директорлар кеңесіне кеңестер дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау бойынша;
- 2) кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша;
- 3) аудит бойынша.

Қоғамның ішкі құжатымен өзге мәселелер жөнінде Директорлар кеңесінің комитеттерінің туындауы қарастырылуы мүмкін.

Қоғам директорлары кеңесінің құрылу және жұмыс істеу тәртібі сондай-ақ олардың сандық құрылымы Директорлар кеңесі бекітін Қоғамның ішкі құжатымен анықталады.

6. Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі осы Заңға, Қоғамның Жарғысына және (немесе) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

7. Қоғам Президенті Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланған алмайды.

8. Директорлар кеңесінің құрамы 6 (алты) адамнан құрылады.

9. Келесі тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

- 1) жоғарғы білімі жоқ;
- 2) заңмен белгіленген тәртіpte өтелмеген немесе жабылмаған сотталуы барлар;
- 3) бұрын осы тұлғаның басшылық ету кезінде банкрот жарияланған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп жоюға ұшыраған заңды тұлғаның басшылық қызметін атқарған тұлға банкрот, консервация, санация, мәжбүрлеп жою туралы шешім қабылданғаннан кейінгі 5 (бес) жыл аралығында;

4) басқару органының қатысуышы, мүшесі, Қоғамға бәсекелес заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы немесе өзге қызметкери болып табылатын;

5) Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген басқа талаптарға сәйкес келмейтін.

10. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамаларында басқадай қарастырылаған болса, шексіз мәрте қайта сайланған алады.

11. Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін Жалғыз акционермен белгіленеді.

Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланған күні болған мезетте аяқталады.

12. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекеленген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

13. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Ондай Директорлар кеңесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі жазбаша хабарламаны алған мезеттен бастап тоқтатылады.

14. Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің өкілеттігі жалпы аяқталған мерзімде аяқталады.

15. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан сайланады жалпы санының көпшілік дауысымен, Директорлар кеңесі мүшелерінің жасырын дауыс беру арқылы. Директорлар кеңесінің төрағасын кез-келген уақытта қайта сайлауга құқылы.

16. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіpte:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;

- 3) Қоғам атынан Қоғам Президентімен еңбек шартын жасасады;
- 4) Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген өзге атқарымдарды жүзеге асырады.

17. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшесінің бірі атқарады.

18. Директорлар кеңесінің отырысын мүмкін:

1) Директорлар кеңесінің мүшелерінің тікелей отырысқа қатысу арқылы сонымен бірге (өздігімен дыбызкөздік байланысу) жолымен видеоконференцияны, конференциялық-байланысу (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефон мәжіліс» тәртібінде бір уақытағы әнгімесі) және отырыс қатысушыларына бір-бірін есітіп көруге және күн тәртібінің мәселелерін талқылауға және дауыс беруге қойылған сол мәселелер бойынша шешім қабылдауға мүмкіншілік беретін өзге де құралдарды пайдалану. Директорлар кеңесінің отырысына Директорлар кеңесінің мүшесі сол тәсілмен қатысқан, отырысқа жеке қатысқан деп саналады, отырыс кворумы анықталғанда есептеледі және . Директорлар кеңесінің отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берууге құқығы бар;

2) сырттай дауыс беру жолымен өткізіледі, яғни Директорлар кеңесінің отырысы өткізілмей және сырттай дауыс беру бюллетендерін пайдаланымен;

Директорлар кеңесінің отырысын қай нысанда өткізілетін туралы шешім Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

19. Директорлар кеңесінің қызметі Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту мерзімін Директорлар кеңесінің төрағасы белгілейді.

Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің төрағасы сәйкесті кезең басталғанға дейін ұсынады және онда келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесі қарастыруы тиісті мәселелердің анықтамалары;
- 2) мәселелерді қарастырудың жоспарлы мерзімі;
- 3) әрбір мәселе бойынша материал даярлау үшін тұлғаларға сілтеме.

Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын корпоративтік хатшы, Жалғыз акционерлердің, Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдері, Директорлар кеңесінің мүшелері енгізетін мәселелердің негізінде қалыптастырады. Ондай мәселелер жоспарланған кезең басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей корпоративтік хатшыға ұсынылуы және осы тармақта белгіленген ақпаратты қамтуы тиіс.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары бекітілген Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін 3 жұмыс күні аралығында Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне, сондай-ақ мәселелерді даярлау үшін жауапты тұлғаларға Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын жолдайды.

Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары негізінде корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі жобасын дайындайды және оны Директорлар кеңесінің төрағасына бекітуге ұсынады.

Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарлы жиналысын өткізу және күн тәртібіне қойылатын мәселелер бойынша материалдар туралы хабарлама, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жиналыс өткізілетін күннен 7 (жеті) жұмыс күн бұрын ұсынылады.

20. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень отырыстың күн тәртібі мәселері жөнінде қоса берілген материалдарымен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілерден кемінде 30 (отыз) жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс, егер Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібі келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:

- 1) ірі мәмілелер туралы шешім қабылдау;
- 2) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да артық пайзызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау.

21. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының, Қоғам Президентінің бастамасы немесе келесі тұлғалардың талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйымның;
- 4) Жалғыз акционерлердің.

22. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру талабы Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының болжалды күн тәртібі ұсынылған сәйкесті жазбаша мәлімдеме жолдау арқылы жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастама иесі белгіленген талапты Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Қоғам Басқармасына қоюға құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы талап еткен 5 (бес) жұмыс күннен кеш емес мерзімде шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы белгіленген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырылуымен өтеді.

23. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жолдау тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

24. Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғам Президентіне Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы алдын-ала хабарлауға тиіс.

25. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта көрсетілген кворумға жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Жалғыз акционерлерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды алға тарту керек.

26. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі мүшелерінің жиналыста бар басым көпшілігінің даусымен шешіледі, егер ол Қазақстан Республикасының заңында және Қоғам Жарғысында өзгеше көзделмесе.

27. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алғын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

28. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданған жағдайда, Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі өзгертиле және (немесе) толықтырыла алмайды.

29. Дауыс беруге арналған бюллетенъотырыстың күн тәртібі мәселелерімен қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне: Директорлар кеңесінің жоспарлы отырысы өткізілетін күннен бұрын 7 (жеті) жұмыс күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс; Директорлар кеңесінің отырысы туралы Қоғам Басқармасының шақыру шешімімен, жоспардан тыс отырысы өткізілеуін талап қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей.

30. Сырттай дауыс беру бюллетенінде келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғамның орындаушы органдының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыру бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді ұсынудың соңғы күні;
- 4) Директорлар кеңесі отырысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) олар бойынша дауыс беру жүзеге асырылатын мәселелердің анықтамасы;
- 7) «келисті», «қарсы», «қалыс қалды» сөздерімен белгіленген Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір міселесі бойынша дауыс берудің нұсқалары;
- 8) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс берудің тәртібін түсіндіру (бюллетеніді толтыру).

31. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеніге Директорлар кеңесінің

мүшесі қол қоюы тиіс.

Дауыстар саналғанда Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеніде белгіленген тәртіпті сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар саналады.

32. Сыртай дауыс беру арқылы қабылданған шешім кворум болған жағдайда, бюллетенідерде белгіленген мерзімде алынған жағдайда қабылданған болып мойындалады.

Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруінің шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшы қол қоюы тиіс.

Шешім ресімделгеннен кейін ол 20 (жиырма) күн аралығында Директорлар кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдауға негіз болған бюллетенідермен қоса жіберілуі тиіс.

33. Өз қатысуымен өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері отырыс өткізілгеннен кейін 3 (үш) күнің ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы немесе отырыста төрағалық еткен тұлғаның және Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді және оның мазмұнында келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органдының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынған мәселелер және олар бойынша Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беруінің нәтижесі белгіленген дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімінің басқа мәліметтері.

34. Директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған хаттамалары мен шешімдерін танысу үшін ұсынуға және (немесе) хаттамалардың Директорлар кеңесі хатшысының қолымен және Қоғам мөрімен расталған көшірмелерін беруге міндетті.

Директорлар кеңесінің отырыстары хаттамаларының көшірмелерін корпоративтік хатшы Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні аралығында жолдайды.

35. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында, Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза тұра қабылдаған шешімге қарсы келген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде даулай алады.

36. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының Заңының, Қоғам Жарғысының талаптары бұзылып қабылданған, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімін, егер сол шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен занды мүдделері бұзылса, оны сотта даулай алады.

12 бап. Қоғам Басқармасы.

1. Қоғам Басқармасы Қоғамның алқалы атқарушы органды болып табылады, оның құзыретіне Қазақстан Республикасының заңымен және Жарғымен өзге органдардың және Қоғамның лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық

мәселелерін шешу жатады. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауга міндettі.

2. Басқарма мүшелерінің саны жетіден кем болмауы тиіс.

3. Акционерлердің өкілдері және Қоғам қызметкерлері Басқарма мүшелері болуы мүмкін.

Басқарма мүшелері Басқарма отырыстарына қатысу арқылы Қоғам қызметін басқаруды жүзеге асырады.

Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, соның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруге тыйым салынады.

4. Басқарма мүшесінің құқықтары мен міндettтері Қазақстан Республикасының заңнамалалық актілерімен, Қоғам Жарғысымен, Қоғам Басқармасының қызметін реттемелейтін Қоғамның ішкі құжаттымен, сондай-ақ Басқарма мүшесімен жасалатын еңбек шарттымен белгіленеді.

5. Басқарманың құзыры:

1) Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асырады;

2) Қоғам дамуының 5 (бес) жылға арналған Стратегиялық бағыттарын, Қоғамның даму жоспарларын (орташа шұғыл бизнес-жоспарлар), Қоғам бюджетін (орташа шұғыл бизнес-жоспар) әзірлейді және Директорлар кеңесіне ұсынады;

3) Қоғамның даму (орташа шұғыл бизнес жоспарлар), Қоғамның бюджеті жоспарларының дайындалуын және іске асырылуын жүзеге асырады, сондай-ақ олардың орындалуына жауап береді;

4) тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу Ережелеріне сәйкес «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы және дауыс беруші елу және одан астам пайыз (қатысу бөлігі) олар «Самұрық-Қазына» АҚ меншік құқымен немесе сенімдік басқаруына тұра немесе жанама қатысы бар (бұдан әрі-Холдинг) алқалы атқарушы органдарына /байқаушы кеңеске қатынасты мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

5) филиалдарының/өкілдіктерінің құрылымын, штаттық кестелерін, еңбек төлемінің қорын бекітеді;

6) Директорлар кеңесімен бекітілген филиалдар мен өкілдіктер туралы үлгілік ережелер негізінде жасалған Қоғамның филиалдары/өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

7) Қоғам меншігіне қатысты заңсыз әрекеттерді туғызатын себептер мен жағдайларды анықтау шараларын жүзеге асырады;

8) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімін, Қоғам аудитін жылдық қаржылық есебін жүзеге асыратын аудиторлық үйымын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындаиды;

9) Қоғамның қайрымдылық көмек көрсету негізгі бағыттары бойынша, Қоғам Директорлар леңесі шешімімен тиісті жылға орнатылған шегінделерінде шектеуге сәйкес адресті қайрымдылық көмек көрсету туралы шешім қабылдайды;

10) Қоғамдағы қауіптерді басқару және ішкі бақылау процедуralарын әзірлеу және қолдануға жауап береді;

11) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің қызметін үйлестіреді;

12) Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген ережелерге сәйкес Қоғам мулкінменшіктен шығару (сату) туралы шешім қабылдайды;

13) Қоғам қызметін үйымдастыру мақсатында Басқарма құзыretі жөніндегі сұраптар бойынша нұсқалар мен өзге ішкі құжаттарды бекітеді;

14) Корпоративтік хатшысы, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, Басқарма құрамына кірмейтін қызметкерлердің сый ақы мөлшерін анықтайды;

15) Қоғам Басқармасының ішінде консультациялық-кеңесші органдардың күру туралы шешім қабылдайды, және олар туралы ережені бекітеді

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Жалғыз акционермен және Директорлар кеңесімен белгіленген Қоғамның қалыпты қызмет етуіне қажетті өзге атқарымдарды жүзеге асырады.

6. Басқарма басшылығын Басқарма Төрағасы болып табылатын Қоғам Президенті жүзеге асырады (бұдан әрі – Қоғам Президенті).

7. Қоғам Президенті:

1) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесіне ұсынады:

Қоғамның дамуы (орташа шұғыл бизнес жоспарлар), Қоғамның бюджеті жоспарларының Директорлар кеңесімен белгілеген үлгілер мен мерзімде іске асырылуы туралы есеп;

Директорлар кеңесімен белгілеген мерзімде және үлгілерде Қоғамның, оның еншілес, тәуелді және бірге бақыланатын ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есеп;

